

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.  
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
международной научно-практической конференции  
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021  
Нұр – Сұлтан**

**ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)**

**ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73**

**Т29**

**Редакция алқасы**

*МАЙДЫРОВА А.Б.* - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БАЙЖОЛОВА Р.А.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БЕРЖАНОВА А.М.* - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЖАНАБАЕВА Ж.К.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*АУЕЛБЕКОВА А.К.* - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С.* - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*КАЗБЕКОВА З.К.* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*НҰРЛАНҰЛЫ А* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**ISBN 978-601-337-610-3**

**Т29** "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

**ISBN 978-601-337-610-3**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

4. Мазбаев О.Б. Туризм Казахстана. Состояние. Проблемы. Пути развития//Материалы научно-практической конференции «Современные проблемы развития туризма и географии в РК: настоящее и будущее»-2013.

5. Дуйсен Г.М. Основы формирования и развития индустрии туризма в Казахстане. Изд-во «ЛЕМ». - Алматы, 2012. - С.6.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ШАРТТАРЫ**

**Нұржан Қ.Н.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

kimbatnk@mail.ru

Нарықтық экономиканың өзі – кәсіпкерлік экономика. Кәсіпкерлікті дамыту – нарықты дамытудың кепілі. Өркениетті елдердің қай қайсысын алсақ та, өздерінің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуде кәсіпкерлікке арқа сүйейді. Себебі, кәсіпкерлік халықтың жағдайын арттырумен қатар, қосымша жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді. Кәсіпкерліктің осындай экономикалық және әлеуметтік функциялары оны дамыту мәселесін маңызды мемлекеттік міндеттер қатарына жатқызуға және экономиканы реформалаудың ажырамас бөлігі деп қарастыруға негіз береді.

Кәсіпкерлікті жетілдіру экономиканың тұрақтылығы мен оның бәсекелік сипатын қалыптастыруда басты мәселе болып табылады. Кәсіпкерлікті дамыту үшін субъектінің белгілі бір дәрежеде еркіндігі мен құқығы, шаруашылық қызметінің бағытын таңдауда еріктігі, қабылданатын шешімдерге, одан туындайтын нәтижелерге тәуекелдіктің болуы қажет [1, 123].

Республикада кәсіпкерлікті дамытуға үлкен ден қойылып, бірқатар заңдар мен жарлық, қаулылар қабылданған. Алғашқы құжаттардың бірі болып «Жеке кәсіпкерлікті қорғау мен қолдау туралы» Заң 1992 жылдың 4 шілдесінде қабылданып, онда кәсіпкерлікті мемлекеттік қорғау және қолдаудың мәні мен мазмұны, басты бағыттары мен мақсаттары айқындалды [2].

Кесте-1 көріп отырғанымыздай, соңғы 3 жылда ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі артқанын көреміз. Ең жоғары көрсеткіштер Шымкент, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан және Түркістан, Қостанай, Атырау облыстарынан көрінеді. Олар 2018 және 2019 жылдармен өсу қарқынын салыстырғанда 3%-дан асып тұр. Ал төмен көрсеткіштерді Ақмола, Жамбыл, Қарағанды облыстарынан көреміз. Статистикаға сәйкес, Қазақстанның ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі тек 32%-ды құрайды, салыстыру үшін Еуропа елдерінде бұл көрсеткіш екі есе көп және ШОБ барлық еуропалық Бизнестің 99%-ын құрайды және жұмыс істейтін халықтың жартысын жұмыспен қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі шағын және орта бизнестің, кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуын қамтитын экономикалық өсу болып табылады.

Республикада кәсіпкерлікті дамыту – мемлекеттің экономикалық саясатының басымдықтарының бірі. ҚР Президенті нарықтық экономикаға кіргеннен бастап Баршаға шағын және орта бизнес – экономиканың өзегі, оның стратегиялық резерві екенін айтты.

### Кесте 1. Республикамыздың ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі

Облыстың атауы	2017 жыл, %	2018 жыл, %	2019 жыл, %	Ауытқуы, %	
				2017/2018	2018/2019
Қазақстан Республика	26,8	28,4	31,7	1,6	3,3
Ақмола	25,1	30,8	28,6	5,7	-2,2
Ақтөбе	18,3	20,7	21,2	2,4	0,5
Алматы	26,4	32,0	33,6	5,6	1,6
Атырау	16,8	18,7	22,0	1,9	3,3
Батыс Қазақстан	40,1	36,0	37,3	-4,1	1,3
Жамбыл	18,8	20,9	20,9	2,1	0
Қарағанды	12,7	17,2	16,8	-4,5	-0,4
Қостанай	25,1	29,4	32,8	4,3	3,4
Қызылорда	14,2	16,9	17,8	2,7	0,9
Маңғыстау	15,6	16,8	22,9	1,2	0,9
Оңтүстік Қазақстан	21,9	-	-	-	-
Павлодар	17,4	16,2	18,6	-1,2	2,4
Солтүстік Қазақстан	25,4	29,7	30,3	4,3	0,6
Түркістан	-	19,5	23,1	-	3,6
Шығыс Қазақстан	15,7	18,0	19,5	2,3	1,5
Нұр-Сұлтан қаласы	54,4	48,6	55,1	5,8	6,5
Алматы қаласы	35,3	40,1	44,8	4,8	4,7
Шымкент қаласы	-	25,6	34,1	-	8,5

Ескерту: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жылнамасы [6]

Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық және жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қолдау жүйесі арқылы кәсіпкерлік субъектілерінің қазіргі заманғы жабдықтар мен технологияларды алуына жәрдемдеседі, технопарктер, лизингтік орталықтар, шағын инновациялық қызмет орталықтары, венчурлік фирмалар желісін және кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында құрылатын басқа да инфрақұрылым объектілерін құру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады [3, 76].

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеудің, олардың қызметін лицензиялаудың оңайлатылған тәртібін белгілеу;
- салық салудың, кедендік баждарды төлеудің жеңілдікті режимін қамтитын шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлы құқықтық режим белгілеу;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және дамыту үшін шетелдік инвестицияларды қоса алғанда, инвестицияларды тарту және пайдалану жүйесін құру;

- шетелдік әріптестермен сауда, ғылыми-техникалық, өндірістік және өзге де байланыстарды дамытуды қоса алғанда, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметін қолдау;

- қаржы көздерін айқындай отырып, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредит берудің арнайы бағдарламаларын қабылдау;

- мемлекеттік сатып алуды өнім өндіруге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындауға орналастыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне преференциялар беру;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиялардың қызметін ұйымдастыру;

- мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексеру жүргізеді [4].

Жалпы көріп отырғанымыздай, ШОБ дамыту экономикамызды көтеруге көмектеседі, яғни республикамыздың дамуына кедергі болып тұрған бірнеше проблемаларды шешеді. Қазіргі уақытта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламаларының және бірнеше жеңілдіктердің арқасында ШОБ субъектілерінің саны артуда. Ол көрсеткішті келесі кестеден көре аламыз.

**Кесте 2. 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (ШОБ) саны**

Облыс атауы	ШОБ субъектілерінің саны, бірлік	Соның ішінде		
		Занды тұлғалар, бірлік	Жеке кәсіпкерлер, бірлік	Шаруа (фермер) қожалықтары, бірлік
Қазақстан Республика	1 603 839	385 998	996 550	221 291
Ақмола	54 417	10 584	37 786	6 047
Ақтөбе	68 627	15 358	46 368	6 901
Алматы	143 545	17 916	76 892	48 737
Атырау	57 623	10 885	43 864	2 874
Батыс Қазақстан	50 624	8 573	34 250	7 801
Жамбыл	84 746	9 527	56 449	18 770
Қарағанды	103 046	25 642	66 586	10 818
Қостанай	61 387	11 016	43 972	6 399
Қызылорда	52 427	7 729	35 986	8 712
Маңғыстау	61 102	13 739	44 854	2 509
Павлодар	53 033	13 387	36 118	3 528
Шығыс Қазақстан	35 260	7 565	22 849	4 846
Түркістан	148 514	11 252	65 885	71 377
Шығыс Қазақстан	104 814	16 706	70 776	17 332
Нұр-Сұлтан қаласы	167 183	68 483	98 364	336
Алматы қаласы	277 470	116 704	159 694	1 072
Шымкент қаласы	80 021	20 932	55 857	3 232
Ескерту: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жылнамасы [6]				

Кесте-2 біз 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (ШОБ) санын көре аламыз. Ең жоғары көрсеткіштерді Алматы, Түркістан облыстарынан, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларынан байқаймыз, ал төмен көрсеткіштер Шығыс және Батыс Қазақстан облыстарынан көрінеді [5].

Осылайша, бизнесті мемлекеттік қолдаудың дамыған жүйелерінің негізі келесілер болуы тиіс:

- мемлекеттік саясаттың мақсаттарын айқындайтын және кәсіпкерлік қызметті қолдаудың барлық кешенді мәселелерін реттейтін оңтайлы заңнамалық және нормативтік база;

- қаржылық, технологиялық, ақпараттық, консультациялық, кадрлық жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламалары жүйесін әзірлеу және іске асыру;

- шағын кәсіпкерлікті қолдаудың тікелей және жанама шараларын үйлестіру;

- мемлекет деңгейінде де, ірі жалпыұлттық қоғамдық ұйымдар деңгейінде де шағын бизнесті қолдау жөніндегі мамандандырылған институттар жүйесі;

- халықтың нақты табысының өсуі, өйткені халық тарапынан сұраныс тек ШОБ тауарлары мен қызметтеріне ұсыныс тудырады;

- басымдықтар жүйесінің икемділігі және шаралардың келісімділігі мен дәйектілігі болған кезде мемлекеттік қолдау нысандарының алуан түрлілігі;

- әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік билік органдарының кәсіпкерлердің мүдделерін білдіретін одақтармен және бірлестіктермен өзара іс-қимылы;

- шағын кәсіпкерлік субъектілерін есепке алу және мемлекеттік статистика жүйесін елеулі жақсарту;

- білім беру және насихаттау компанияларын өткізу.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында елдің әлеуметтік-экономикалық даму жүйесіндегі кәсіпкерлік қызметтің рөлі жыл сайын өсіп келеді және мемлекет ШОБ-ті де, жалпы бизнес-климатты да дамыту бағытында белсенді және салыстырмалы түрде тиімді жұмыс істейді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. - Алматы: Эпиграф баспасы, 2018.

2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ.

3. Ермағамбетов, Д.Н. «Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау», Молодой ученый. — 2019. — № 3 (241).

4. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы «Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы № 131-І Заңы»

5. ДАМУ «Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ресми сайты

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2019 жылғы статистикалық жылнамалары